# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ КАРТАСЫ

**Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК (ары қарай – мекеме)**

| **Сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары аймақтар** (сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары қызмет және өкілеттіліктер) | **Мекеме лауазымдарының тізімі** | **Типтік жағдайлар** | **Жою шаралары** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Мекеме қызметін ұйымдастыру | Бас дәрігер, бас дәрігердің орынбасарлары, құрылымдық бөлімдердің басшылары | Лауазымдық тұлғаның, оның туыстарының немесе өзінің жеке мүддесінің материалдық қажеттіліктерін қанағанттандыру мақсатындағы мәселелерді шешуде өзінің қызметтік өкілеттілігін пайдалану | Мекеменің ақпараттық ашықтығы. Мекеменің бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын ұстану. Қызметкерлерге жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылатынын түсіндіру. |
| Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау | Бас дәрігер, құрылымдық бөлімдердің басшылары, | Заңда қарастырылмаған басымдықтарға жол беру (протекционизм, непотизм) | Жемқорлық құқық бұзушылық жауапкершілігі жайлы жауапты тұлғалармен түсіндіру жұмыстарын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Кадр бөлімінің инспекторы | | жүргізу. Ақпарат жалпыға қолжетімді болуы үшін бос лауазым туралы ақпаратты бегілі мерзімге ресми сайтқа орналастыру |
| Қызметтік ақпаратпен жұмыс | Бас дәрігер, бас дәрігердің орынбасарлары, құрылымдық бөлімдердің басшылары, мамандар (экономист, есепші, программист, кадр бөлімінің мамандары, заң бөлімі, жабдықтау менеджері, инженер) | Қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі ақпарат ресми болмаса, оны жеке немесе топ мүддесіне пайдалану. Ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қолжеткізу әрекеті. | Мекеме бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстану. Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы және ескертудің нормативті құжаттарымен таныстыру. Қызметкерлерге жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылатынын түсіндіру. |
| Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері | Бас дәрігер, бас дәрігердің орынбасарлары, құрылымдық бөлімдердің басшылары, заңгер-кеңесші | Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырудың белгіленген тәртібін бұзу. Жеке және заңды тұлғалардан ҚР заңнамасына сай келмейтін ақпаратты талап ету | Түсіндіру жұмыстары. Азаматтар өтініштерін қарастырудағы белгіленген тәртіпті сақтау. Өтініштерді қарастыруды бақылау. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Билік пен басқару органдары, құқық қорғау органдары және басқа да ұйымдардағы лауазымдық тұлғалармен өзара қарым-қатынас | Бас дәрігер, бас дәрігердің орынбасарлары, құрылымдық бөлімдердің басшылары, Бас дәрігер бекіткен мекеме мүддесін қорғауға уәкілетті ұйымдар | Билік пен басқару органдары, құқық қорғау органдары және басқа да ұйымдардағы лауазымдық тұлғаларға сыйлық беру немесе міндетке кірмейтін қызметтер ұсыну. Тек қана хаттамалық шараларда символдық сыйлықтар ұсынуға болады. | Мекеме бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстану. Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы және ескертудің нормативті құжаттарымен таныстыру. |
| Бюджет қаржысын және мекемеге кіріс алып келетін салалар қаржысын қолдану туралы шешім қабылдау | Бас дәрігер, бас есепші, бас дәрігердің экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары | Бюджет қаржысын және мекемеге кіріс алып келетін салалар қаржысын мақсатсыз қолдану | Мекеме қаржысын қолдану кезінде мекеменің нормативті актілерін және ҚР заңнамасын сақтау. Мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы және ескерту туралы нормативті құжаттармен таныстыру. Жемқорлық құқықбұзушылық орын алған жағдайдағы жауапқа тарту шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары. |
| Материалдық құндылықтарды | Бас есепші, бухгалтерия қызметкерлері, | Материалды құндылықтарды тіркеу есебіне уақытылы тіркемеу. | Құрылымдық бөлімдердің қызметін бақылау жұмыстарын ұйымдастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| тіркеу және материалдық құндылықтар базасын құрастыру | материалды жауапты тұлғалар | Материалдық құндылықтар мен шығындарды тіркеу есебінен қасақана уақытынан бұрын шығару. Мүлікті сақтауға тұрақты бақылау жүргізілмеу. | Шараға мекеменің құрылымдық бөлімдерінің өкілдерін қатыстыру. Мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы және ескерту туралы нормативті құжаттармен таныстыру. |
| Тауарды жеткізу, жұмыстардың орындалуы үшін сатып алулар мен келісімшарттар бекіту және т.б. азаматтық-құқықтық келісімдер жүргізу. Мекеме жұмысын жүзеге асыруға қажетті қызмет көрсету. | Бас дәрігер, бас дәрігердің экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары, бас есепші, заңгер-кеңесші, мемлекеттік сатып алулар бойынша маман, мекеменің Бас дәрігері бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алулар процедуралары құжаттарын техникалық дайындауға жауапты мамандар, | Қажеттілікті өтеу мерзімі мен көлемі бойынша ойдан шығарылған басымдықтарды белгілеу; қажетті қаражат көлемін анықтау; ықтимал жеткізушілер санын негізсіз кеңейту немесе шектеу; өнім қажеттілігін өтейтін жеткізушілер санын негізсіз арттыру немесе азайту; келісімшарт талаптары мен олардың орындалуына қатысты шарттарды негізсіз кеңейту (шектеу), жеңілдету (қиындату); сатып алу объектісінің бағасын негізсіз көтеру немесе түсіру; жеткізушіні анықтау жұмыстарын негізсіз қиындату (немесе жеңілдету); жеткізушіні таңдаудағы қисынсыз критерийлар, негізгі критерийлар тізімінің болмауы немесе дұрыс емес болуы; сатып алынатын объектінің | Тауар немесе қызметті сатып алу кезінде мемлекеттік сатып алулар туралы заң талаптарына бағыну. Келісімшартқа отырған мекеме қызметкерлеріне жемқорлық құқықбұзушылықтың жауапкершілігі жайлы түсіндіру; перзентханадағы сыбайлас жемқорлықты ескерту және қарсы шаралар мәселелерін қарайтын нормативті құжаттармен таныстыру; сатып алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімдердің қызметін бақылау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктері, көлемі, бағасы, мерзімін платформаға орналастырудағы таңдаудың дұрыс емес әдістері; жеткізушілер нарығын дұрыс зерттемеу; тапсырыстарды жыл соңында (тоқсан соңында) шұғыл орналастыру; сатып алу процестері уақытын негізсіз созу немесе жеделдету; жеке мүддесі үшін заң талаптарының бекітілген тәртібін бұзатын келісімдер жасау; тауар мен қызмет бағасына мониторинг жасаудан бас тарту; тауар мен қызмет бағаларына жүргізілген мониторинг туралы жалған ақпарат ұсыну. | |
| Құжаттарды, анықтамаларды, есептерді дайындау | Бас дәрігер, бас дәрігердің орынбасарлары, құжаттарды рәсімдеуге жауапты құрылымдық бөлімдердің жетекшілері | Есеп беру құжаттары мен азаматтарға берілетін анықтамаларда ақпаратты бұрмалау, жасыру немесе жалған ақпарат ұсыну | Жауапты тұлғалардың құжаттарды бекіту жүйесі. Лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін атқару кезінде ішкі бақылауды ұйымдастыру. Жауапты тұлғаларға жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартылатынын түсіндіру. |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жалақыны есептеу | Бас есепші, есеп бөлімінің мамандары, құрылымдық бөлім жетекшілері | Жалақыны толық бермеу. Қызметкер жұмысқа келмесе де жалақыны толық төлеу. | Қаржыны Еңбекақыны есептеу ережесіне сәйкес, қатаң түрде тек жалақы төлеуге жұмсау. |

**Комплаенс-офицер _______________________________ С.А.Черепанова**